

Ауданда төлемді қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 40/1 қаулысы. Павлодар облысы Ертіс ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда N 83 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы N 53/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы N 53/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 13), 14) тармақшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережесіне" сәйкес және төлемді қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруын жетілдіру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1 . Б е к і т і л с і н :

1) кәсіпорындар мен ұйымдардың, сұраныстар мен ұсыныстардың, қаржыландыру көздерінің тізімдемесі 1 қосымшаға сәйкес;

2) төлемді қоғамдық жұмыс түрлерінің тізбесі 2 қосымшаға сәйкес.

2. Төлемді қоғамдық жұмысын қаржыландыру аудандық бюджет қаражатынан жүргізілсін. Төлемді қоғамдық жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысының төлемі ең аз еңбек ақы көлемінде белгіленсін.

3. Ауыл және ауылдық округ әкімдеріне:

1) "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ берілген жұмыс көлемінің күн сайынғы орындалуын бақылауды іске асыру жолымен келісім шарт бойынша жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

2) "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ-мен бірлесе отырып 1 және 2 қосымшаға сәйкес бірінші кезеңде тұрған санитарлық-экологиялық, елді мекендерді ұстау және басқадай бюджеттік қаржы белгіленбеген әлеуметтік мәселелерді шешу.

4. Осы қаулы бірінші рет ресми түрде жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді және 2009 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап пайда болған құқықтық қатынасына таралады.

5. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы "Ауданда ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 7/1 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде N 12-7-61 тіркелген.)

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Тілеуоваға жүктелсін.

Аудан әкімі

В.Левченко

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 8

қ а ң т а р д а ғ ы

N

4 0 / 1

қ а у л ы с ы н а

1 қосымша

**Кәсіпорын мен ұйымдар, сұраныс және ұсыныс,
қаржыландыру көздерінің
тізімдемесі**

N p/с	Ұйым мен мекемелер және кәсіпорындар атаулары	Сұраныс қажеттілік білдіргендер/ адам/	/ Бекітуге ұсыныс /адам./	Қаржыландыру көзі
1	"Голубовка ауылының аппарат әкімі" ММ.	2	2	Аудандық бюджет
2	"Ағашорын ауылдық округінің аппарат әкімі"ММ.	5	5	Аудандық бюджет
3	"Аманкелді ауылының аппарат әкімі" ММ.	12	12	Аудандық бюджет
4	"И.Байзақов ауылдық округінің аппарат әкімі "ММ.	29	29	Аудандық бюджет
5	"Қоскөл ауылының аппарат әкімі" ММ.	9	9	Аудандық бюджет
6	"Қарақұдық ауылдық округінің аппарат әкімі "ММ.	21	21	Аудандық бюджет
7	"Қызылжар ауылдық округінің аппарат әкімі"ММ.	33	33	Аудандық бюджет
8	"Қосағаш ауылдық округінің аппарат әкімі" ММ.	11	11	Аудандық бюджет
9	"Қызылқак ауылдық округінің аппарат әкімі"ММ.	3	3	Аудандық бюджет
10	"Ленин ауылының аппарат әкімі"ММ.	8	8	Аудандық бюджет
11	"Луговой ауылдық округінің аппарат әкімі " ММ.	17	17	Аудандық бюджет

12	"Майқоныр ауылының аппарат әкімі " ММ.	12	12	Аудандық бюджет
13	"Панфилово ауылының аппарат әкімі " ММ.	24	24	Аудандық бюджет
14	"Сілеті ауылдық округінің аппарат әкімі"ММ.	26	26	Аудандық бюджет
15	"Северный ауылдық округінің аппарат әкімі"ММ.	20	20	Аудандық бюджет
16	"Тохта ауылының аппарат әкімі"ММ.	6	6	Аудандық бюджет
17	"Ұзынсу ауылдық округінің аппарат әкімі "ММ.	3	3	Аудандық бюджет
18	Ертіс ауылы	182	182	Аудандық бюджет
19	"Ертіс ауданының соғыс және еңбек ардагерлерінің кеңесі" ҰЕҰ	3	3	Аудандық бюджет
20	"Ертіс ауданының қорғаныс істер жөнінде бөлімі"ММ.	4	4	Аудандық бюджет
	Жалпы	430	430	Аудандық бюджет

А у д а н ә к і м д і г і н і н
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 8 қ а ң т а р д а ғ ы
N 4 0 / 1 қ а у л ы с ы н а
2 қосымша

Төлемді қоғамдық жұмыс түрлерінің тізбесі

1. Елді мекен аумақтарында қолмен тазарту жұмыстарын жүргізіп тозығы жеткен құрылыстарды бұзып, көң – қоқыстан арыту, ағаш бұтақтарын, автожолдардың жол шетіндегі шөптерді шабу, қар және қар үйінділерінен, жолды көк тайғақтан тазарту жұмыстарын атқару.

2. Құрылыс пен жол жөндеулеріне, су құбырлары мен канализациялық жүйелерді салу, көктемгі су тасқынына тосқауыл қою жұмыстарына қатысу.

3. Әлеуметтік мәдени саладағы объектілерге, қоғамдық ғимараттарға, тұрғын үйлерге жөндеу, оларды қайта қалпына келтіру жұмыстарына қатысу.

4. Мәдени және тарихи ескерткіштеріне жөндеу жүргізіп, қалпына келтіру і н д е қ а т ы с у

5. Ауылдық елді мекендерде экологиялық сауықтыру (көгалдандыру мен көріктендіру) жұмыстарын атқару.

6. Мәдени саладағы ауқымды шараларын ұйымдастырға көмектесу (мұз айдындарын, шаңғы жолдарын салу, жарыстар, фестивальдарды ұйымдастыруға көмектесу) .

Балалардың жазғы спорт алаңын, қысқы қалашық, тұрғындардың қысқы және

жазғы демалыстарын ұйымдастыру.

7. Республикалық және аймақтық қоғам компанияларын өткізуге көмектесу (көпшіліктің ой пікіріне сауалнама, тұрғындар мен мал санағына қатысу).

8. Аудандық қорғаныс бөлімінде тіркеу және шақыру жұмыстарын өткізуге көмектесу.

9. Учаскелік комиссияның аулалық тексеру жұмыстарына көмектесу.

10. Қоғамдық және әлеуметтік мәдени маңызды объектілерін күзету.

11. Жаппай санитарлық малға екпе егу кезіндегі жұмысына қатысу.

12. Малды қолдан ұрықтандыру жұмысына көмектесу.

13. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге жем- шөп, ағаш, көмір дайындаған кезде көмектесу.

14. Қосалқы жұмысшы ретінде мектеп асханасының жұмыс атқаруына көмектесу.

15. Мекемелер мен әлеуметтік мәдени салаларында және қоғамдық ғимараттарда пеш жағушы міндетін атқару.

16. Діни ғимаратты ұстауға көмек көрсету.

17. Мұрағаттық құжаттармен жұмыс істегенде көмек көрсету.

18. Ертіс ауылы әкімі арқылы қосалқы шаруашылығы жоқ жұмыссыздарға еңбекпен қамту орталықтарында бау-бақша және құс шаруашылығы өнімдерінің ұжымдық өндірісі бойынша жұмысына көмек көрсету.

Ескерту: барлық жұмыс түрлері арнайы білімі жоқ тұлғаларға уақытша жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.